

Сібір жарасы— аса қауіпті жұқпалы ауру



Орындаған : III-1 тобының студенті

Еслямова К.

Тексерген : Спатаева Ж.Д.



Сібір жарасы ауруы туралы мәлімет


Аталмыш дерт Сібірде кеңінен таралғандықтан сібір жарасы атауына ие болып, орыс дәрігері Андреевский сібір жарасының адам мен жануарға ортақ ауру екендігін және ол жануарлардан адамға жұғатынын дәлелдеп берді.

Аурушандық Азия, Африка,
Оңтүстік Америка елдерінде
көп тараған. Оның ошақтары
Ресей, Татарстан, Қазақстан
және тағы басқа да елдерде бар.

Қазақстан Республикасы
аумағында соңғы 60 жыл ішінде
1700-ден астам сібір жарасы
бойынша стационарлы-
қолайсыз пункттер тіркелген.
Бұл пункттерде жануарлар мен
адамдар арасында сібір жарасы
анықталған 2600 –ден ошақтар
тіркелген



**Сібір жарасы –
жіті жұқпалы
ауру. Көбінесе тері
жамылғысында
көрініс береді,
өкпе мен
ішектерде сепсис
түрінде өтуі —
сирек кездеседі.**



Сібір жарасының клиникалық белгілері

Қоздырғыш енген тері жамылғысында 2-3 күн өткен соң қызылтым немесе көкшіл түсті дақ пайда болады. Сол жер қышып, теріні сәл күйдіргендей болып басталып, үдей түседі. Бөртпе 12-24 сағат өткеннен кейін диаметрі 2-3 мм, ішінде ашық түсті сұйықтығы бар күлдіреген бөртпеге айналады, уақыт өте келе оның ішіндегі сұйықтық қою түске боялып, қан араласады



3



4



5


Бөртпе қышып шыдатпаған соң, ауруға шалдыққан адам оны қасып, бетін жаралап тастайды.

Іріңді бөртпенің орнына беті ашылған өлі етті қабыршақ пайда болады.




Дәл осы қабыршақ сібір жарасының негізгі белгісі, дерттің атауы да осы қара даққа («anthrax»-«углевик») байланысты шыққан. Қабыршақ қатты, тығыз, күйдірілген сияқты болады. Оның айналасын қызыл түсті жиек қоршайды

Алғашында қабыршақ көлемі үлкен емес, диаметрі 2-3 мм. құраса, бірте-бірте оның мөлшері ұлғайып, оның шығыңқы бөлігі тері деңгейінен төмен түсіп, түсі қап-қара болып, тығызданады (тығыздылығын иленген терімен салыстыруға болады)



болатын белгілерге орталық қабыршақтың маңайына аурудың алғашқы күндері екінші қайтара сулы бөртпелердің шығуын жатқызады. Тері жамылғысы өзгеруінің алғашқы сағаттарында дертке шалдыққан адам әлсіреп, селқос болып, басы ауырады; алғашқы тәулік өткен соң немесе 2-ші күні дене қызуы 39-40 градусқа көтеріліп, халі нашарлайды. Мұндай температура 5-6 күн бойы



Сібір жарасын емдеу

этиотропты препараттар (пенициллин, тетрациклин, доксациклин, гентамицин, цефалоспорины) 7-8 күн ішінде сібір жарасына қарсы иммуноглобулин патогенетикалық және симптоматикалық ем



Сібір жарасын алдын алу жолдары

Адамдар мен жануарлар арасында сібір жарасының ең тиімді алдын алу шарасы — жыл сайын ауруға қарсы егу жүргізу. Дертке қарсы вакцина қолайсыз пунктердегі ауруды тез қабылдағыш әлсіз жануарлар мен ет комбинаттарында, мал шаруашылығында тұрақты жұмыс істейтіндерге, тері, жүн өңдеуге, тасымалдауға, сақтауға, сұрыптауға, илеуге қатысатын адамдарға егіледі



Адам ағзасының сібір жарасына төтеп бере алу қасиеті егуден кейінгі 12-14 күнде пайда болады да, 12 айға жуық сақталады. Егілген тұлғалар жұмысқа 2 аптадан соң ғана жіберіледі және жыл сайын екпе алып отырулары қажет